

Г.М.Смағұлова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан және Словакия Республикалары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары

Мақалада автор Қазақстан және Словакия Республикалары арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттары: сауда-экономикалық, көлік-коммуникация, энергетика, білім мен ғылым, мәдениет салаларында біршама жақсы жолға қойылғандығына тоқталды. Мемлекеттер арасындағы екі жақты ынтымақтастықты дамытуға арналған саяси-құқықтық базаның әлі де болса жасалып жатқандығына байланысты, олардың арасындағы қарым-қатынастардың деңгейін анықтайтын деректердің әзірше аз екендігі туралы тұжырым жасайды.

Кілтті сөздер: Қазақстан, Словакия Республикасы, КСРО, Чехословакия, коммунистік партия, социалистік даму, ЕуроОдақ, саяси даму, экономикалық даму, энергетика, трансұлттық көлік, телекоммуникация, техникалық жетістіктер.

Екі мемлекет — Қазақстан мен Словакия Республикаларының даму тарихында біршама ұқсастықтар бар. Қазақстан ұзақ жылдар бойы КСРО-ның, ал Словакия Чехословакияның құрамында болып келді. Чехословакия социалистік даму жолындағы ел болғандықтан, алып империя КСРО-мен ара қатынасы тығыз ынтымақтаста болып, экономикалық жағынан дамуы жоспарлы саясатқа бағынса, олардың саяси өмірінде коммунистік партия өз ықпалын тигізіп отырды. XX ғасырдың 80-ші жылдарының аяғында жүрген Шығыс Еуропадағы «бархыт революцияларынан» кейін Чехословакия екіге бөлініп, нәтижесінде Чехия және Словакия тәуелсіз мемлекеттері пайда болды. Ал КСРО ыдырағаннан оның кеңістігіндегі мемлекеттердің барлығы, оның ішінде Қазақстан да өз егемендігіне қол жеткізді. Екі мемлекет те қираған экономиканы қалпына келтірумен, осыған байланысты әлеуметтік-экономикалық сфераларда жаңа реформаларды жүргізе бастады. Саяси салада бірпартиялық жүйеден көппартиялылыққа көшу, сонымен бірге елде азаматтық қоғам құру, демократизациялау процестері де басталды.

Словакия Республикасы осы жылдар ішінде Еуроодаққа, НАТО-ға мүше болып үлгерсе, Қазақстан аталмыш ұйымдармен дипломатиялық қарым-қатынастар және түрлі бағдарламалар арқылы тығыз серіктестікті орнатты.

Тәуелсіз жас мемлекеттер Қазақстан мен Словакияның арасындағы қарым-қатынастар ресми түрде 1 қаңтар 1993 жылдан басталды. Осы кезден бастап түрлі сферадағы екі жақты ынтымақтастық үлкен түсіністік деңгейінде алға қадам бастады. Қазіргі кезде екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық негізінен экономикалық салада жақсы дамып келеді. Экономиканың негізгі бағыттары көлік-коммуникация, мұнай мен газ өнімдерін тасымалдау, машина жасау салаларында айтарлықтай табыстар бар.

1998 жылы Братиславада өткен бірінші үкіметаралық қазақстан-словак комиссиясы екі мемлекет арасындағы сауда қарым-қатынастарының даму деңгейіне баға беріп қана қоймай, ынтымақтастықтың ахуалы мен болашағын да талқылаған еді. Бірақ ол кезде екі мемлекет үшін сауда-экономикалық қарым-қатынастардың ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелері болған жоқ. Өйткені екі мемлекеттің де өзара тауар айналымдары олардың ұлттық экономикалық қуатына жауап бере алмады. Ол түсінікті. Себебі Қазақстанда экономикалық реформалар енді ғана қарыштап дамып келе жатқан болатын.

Сондықтан саяси және экономикалық дамулары біршама ұқсас Қазақстан мен Словакия Республикалары сауда-экономикалық қарым-қатынасты дамытудың түрлі жолдарын іздестіріп, тауар айналымдарының жүйесін кеңейту, қызмет көрсетудің түрлерін ұлғайтудың мүмкін деген қырларын қарастыра бастады. Екі жақтың мүдделерінің тоғысқандығы 1998 жылы Словакия Республикасының бизнес өкілдерінің Қазақстанның Астана және Павлодар қалаларына миссиялары барысында байқалды. Осы кездесу кезінде Словакия тарапы Қазақстандағы көлік-коммуникация инфрақұрылымына, оның ішінде теміржол құрылысын дамытуға қатысуға дайын екендіктерін білдірді. Сол кездері Қазақстанның «Достық» және Қытай Халық Республикасындағы «Алашанькоу» кедендік бекеттерін қосатын халықаралық теміржол құрылысына Словакияның атсалысуы, Батыс Еуропа елдерінің жүк-тауар айналымдарын ешқандай кедергісіз Қазақстан арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне шығара алатын мүмкіндік әпереді деп жоспарланды. Қазақстанның тоғыз тарау

жолдың тоғысында орналасуы, яғни Орталық Азия мемлекеттері арқылы Орта және Таяу Шығыс елдерімен, Ресей арқылы Еуропа елдерімен, ал Қытай арқылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен байланысуы, Қазақстанның көлік-коммуникациялық қуатын көрсетеді. Словакия Республикасы Қазақстан тарапының осындай артықшылық тұстарын ескере отырып, оның көлік-коммуникация инфрақұрылымына назар аударды. Сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықты дамытуда Қазақстан үшін еуропалық бағдарлама ТРАСЕКА үлкен артықшылықтар береді. ТРАСЕКА-ның мақсаты Орталық Азия және Кавказ мемлекеттерімен бірге аймақтық деңгейдегі, оның ішінде Еуропалық Одақпен арадағы кооперацияны орнықтыру арқылы көлік саласында бір-біріне қызмет көрсетуде ынтымақтастықты дамыту, сауда мен көлік саласында өз іс-қимылдарын, жоспарлары мен шараларын үйлестіру болып табылады. Сол сияқты Еуропа елдерін Кавказ бен Орталық Азия мемлекеттері арқылы тікелей Қытаймен жалғастыру. Орталық Азия мемлекеттері бұл жобаны тек іске асырушы ғана емес, көлік пен байланыс секторының іс-әрекеттерін өз мүдделеріне сай жетілдіруші де болып табылады. Ол Батыс пен Шығыстың қарым-қатынастарының ХХІ ғасырдағы жаңа бағыттар — энергетиканы, трансұлттық көлік жүйесін, телекоммуникацияны, ғылым мен техниканың қазіргі заманғы соңғы жетістіктеріне сүйене отырып дамытады.

Қазір Қазақстанда 10-ға жуық бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеуде. Екі жақты ынтымақтастық машина жасау саласында қолға алынды. Словакияның ZTS Martin компаниясымен келісім бар. Қазақстанның Өскемен қаласындағы машина жасау орталығымен қарым-қатынас орнатылған. Осы бағыттағы жұмыстар қазіргі кезде жалғасын табуда.

Словакия жағынан қызығушылық танытып отырған атом энергетикасы. Ядролық отын Словакияны энергоресурстармен қамтамасыз ету үшін маңызды. Қазіргі кезде АЭС үшін Словакия 65 % электроэнергия өндіріп отыр. Осы сала бойынша келешекте Қазақстанның «Қазатомпром» ұлттық компаниясымен бірлескен жобаларды іске асыру мүмкіндігінің туары анық.

Жалпы Словакия Еуроодаққа мүше болып енгеннен кейін, оның дамуына жаңа көкжиектер ашылды. Словакия үшін тәуелсіз мемлекеттің экономикасының дамуы бірінші кезекте тұрды. Еуроодаққа кіргеннен бері Словакия — Батыс Еуропа елдерінің озық стандарттарын қабылдап, біршама тәжірибе жинақтаған мемлекет. Аз уақыт ішінде жинақтаған оның тәжірибесін Қазақстанмен бөлісуге дайын екенін Словакия жағы үнемі айтуда. Осы жерде мынадай мысал келтіре кетуге болады. Словакияның бірқатар өнеркәсіп және ауыл шаруашылық өнімдерін шығарушы нотификацияланған сынақ зауыттарының өнімдерін Еуроодақ елдеріне танымал болып отыр. Міне осындай көпшілікке танымал тәжірибесін Қазақстанмен бөлісуге дайын, әрі оны Словакия жағы Қазақстанның ДСҰ-на кіруі үшін де қажет деп түсіндіреді [1].

Екі жақты ынтымақтастық жыл өткен сайын тереңдей түсуде. Қазақстан мен Словакия мемлекеттерінің іскер топтарының қатысуымен 2001 жылы Астанада бизнес-форум, 2007 жылы Братиславада үкіметаралық қазақстан-словак комиссиясының үшінші отырысы өтті. Сонда Қазақстан Үкіметі және Словакия Үкіметі арасында экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Екі мемлекет алдағы уақытта экономикалық ынтымақтастықты нығайта түсуге ынталы болып отыр. Оның да себебі жоқ емес. Словакия Республикасы — Еуропалық Одаққа мүше-мемлекеттердің бірі. Бұл Қазақстанның өнімдерін Еуроодақ елдерінің рыногына шығару үшін қолайлы. Ал Словакия мемлекеті соңғы жылдары Қазақстанның энергетикалық қорларын сатып алуға аса қызығушылық танытуда. Қазіргі кезде екі мемлекет арасында осы мәселелерге байланысты келіссөздер жүргізіліп жатыр. Бұл мәселе жоғарыда аталып өткен үкіметаралық комиссияның отырыстарында қарастырылып келеді.

2007 жылы Қазақстан Республикасы үшін Словакия мемлекетімен ынтымақтастықтың келесі кезеңі басталды. Осы жылдың қараша айында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев Шығыс Еуропаның үш мемлекеті — Венгрия, Румыния және Словакия ресми сапарлармен болды. Бұл мемлекеттік сапарлар Қазақстан Республикасы ғана емес, бүкіл Еуропа елдері үшін де үлкен тарихи оқиға болды. Қазақстан Президентінің Словакияға алғашқы ресми сапары табысты өтті. Елбасы Н.Назарбаев Словакия Республикасының Президенті Иван Гашпаровичпен, Словакия Премьер-министрі Роберт Фицомен кездесу барысында екі ел арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі — экономика болып қала беретіндігіне баса назар аударды. Қазіргі таңда Қазақстан мен Словакия арасындағы тауар айналымы соңғы үш жылда бірнеше есе ұлғайғандығын атап кетті. Кездесу барысында Қазақстанның Словакияға мұнай және мұнай өнімдерін жеткізуге толық мүмкіндігі бар екендігі және оның осы көмірсутегі өнімдерін Словакия аумағы арқылы

Еуропаға шығаруға қызығушылық танытып отырғандығын мәлімдеді. «Қазіргі кезде Словакияға жеткізілген мұнайдың 15 миллион тоннасы Қазақстандікі» деген фактілер айтылды [2].

2010 жылы Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық ететін болғандықтан, Словакия Республикасының осы ұйымға мүше екенін ескеріп, осы ұйым аясындағы ынтымақтастық та екі мемлекет арасындағы қарым-қатынасты одан әрі тереңдетуге ықпал етеді.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 2008 ж. Қазақстан халқына арнаған жолдауында еліміздің ЕҚЫҰ-да төрағалығын атқаруына байланысты «Еуропаға жол» атты бағдарлама әзірлеу туралы ұсынысы да Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатына тікелей қатысы бар мақсат-міндеттерінің бірі болып табылады. Аталмыш бағдарлама Қазақстанның көпвекторлы саясатының жалғасы ретінде көрініс тапты. Президент Н.Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес «бағдарлама экономикалық ынтымақтастықты дамытуға, басқарудың тәжірибесі мен технологиясын тартуға, заңдарымызды жетілдіруге, ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіміздің стратегиялық пайымын және өзіміздің күн тәртібімізді белгілеуге ықпал етуге тиіс» [3].

2007 жылғы Қазақстан Президентінің ресми сапары барысында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға арналған төрт құжатқа қол қойылды:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Словакия Республикасы Үкіметі арасындағы ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдарының, психотропты заттардың, олардың прекурсорларының заңсыз айналымына және қылмыстың өзге де түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Словакия Республикасының мәдениет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандум.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Словакия Республикасы Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Словакия Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арасындағы денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім.

Бірінші келісімді іске асыру аясында екі мемлекет үшін де халықаралық терроризммен күресу өзекті болып табылады. Оны шешудің құралы ретінде аймақтық қауіпсіздікті нығайту жолдарын НАТО-ның «Бейбітшілік жолындағы серіктестік» бағдарламасы шеңберіндегі ынтымақтастықты таңдайды. Қазақстанның қарулы күштерін қайтадан жасақтауда, Еуропаның әскери бөлімдері мен орталықтарында түрлі жаттығу курстарынан өтуде Словакия НАТО-ның мүше-мемлекеттерінің бірі ретінде көмектесуге әрқашанда дайын екендіктерін айтқан болатын.

Екінші келісім бойынша да біраз жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл құжат бүгінгі күні өз күшіне енді. Кезінде қазақстандық танымал өнер қайраткерлері Ж.Әубәкірова, М.Мұхаметқызы сияқты мәдениет қайраткерлері Словакияда өз өнерлерімен бөліскен болатын.

Білім беру саласында да екі жақты ынтымақтастық орнатылып үлгерді. Қазақстан тарапынан Президенттің «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастар Словакияда білім алып жатса, сонымен қатар Словакия тарапынан да жыл сайын қазақстандық жастардың осы елде білім алуларына арналған арнайы гранттар бөлінуде.

Үшінші келісім Қазақстанға да, Словакияға да маңызды. Оның шеңберінде іс-шаралар атқаруда. Словакияның «Нафта Кбелысы» Қазақстан мұнайын Балтық жағалауы елдеріне тасымалдауға инвестиция салып отыр. Сол сияқты Словакия Қазақстанның құрылыс саласына да инвестиция құюға дайын екенін айтып келеді [4].

Төртінші келісім біршама баяу жүруде. Соған қарамастан, Словакия тарапы ядролық медицинаны бірлесіп игеруді ұсынған болатын. Бұл саланы Словакия жағы тегін таңдап алмаса керек. Қазақстанда соңғы жылдары күрт көбейіп кеткен онкологиялық аурудың түрлері, осы салада әлі де болса ашылмаған, медицинаның құпияларын бірлесіп шешуге жақсы мүмкіндік әперері сөзсіз. «Қазақстан Республикасының ядролық энергетикасы» деп аталған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция кезінде Қазақстандағы Словакия Республикасының елшісі Д.Подгорский ядролық медицинаны бірлесіп игеру екі мемлекет арасындағы жаңа ынтымақтастыққа себебін тигізеді деп айтқан болатын [5]. Кезіндегі Тернавадағы АЭС арқылы Словакия біршама тәжірибе жинақтағандықтан, оны да Қазақстанмен бөлісуге әзір. Әрине, Қазақстанда Ақтау қаласында АЭС-тың болғаны, сол сияқты Семейдегі полигон мен Шығыс Қазақстандағы Үлбі зауытының жұмыстары Республиканың ядролық энергетика саласы бойынша біршама хабарларының бар екенін білдіреді.

Сондықтан ядролық энергетика бойынша ынтықмақтасу екі мемлекетке де біраз перспективалар әкелуі мүмкін.

Қорыта келе, Қазақстан мен Словакия Республикаларының арасындағы саяси-құқықтық базаның әлі де болса жасалып жатқандығы, екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастардың деңгейін анықтайтын деректің әзірше аз екендігін көрсетеді. Соған қарамастан, жарасқан ынтымақтастығы, экономикалық мүмкіншіліктері, мәдени және саяси қарым-қатынастардағы екі ел арасындағы мүдделестік Қазақстан мен Словакия Республикалары үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады деп тұжырымдауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 <http://www.kz-today.kz>, www.kt.kz
- 2 Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың Словакияға алғашқы мемлекеттік сапары табысты қорытындыланды // Егемен Қазақстан. — 2007. — 23 қараша.
- 3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жолдауы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты». — 2008. — 6 ақп. // www.akorda.kz
- 4 <http://www.kz-today.kz>, www.kt.kz
- 5 Казахстан и Словакия договорились о сотрудничестве в военной области / <http://www.zakon.kz/news/news.asp?id=30120999>

Г.М.Смағұлова

Основные направления сотрудничества между Республиками Казахстан и Словакия

В статье рассматриваются основные направления, по которым осуществляется сотрудничество между Республикой Казахстан и Республикой Словакией, среди которых: торгово-экономическое, энергетика, образование и наука, культура, транспорт и коммуникации. Автор приходит к выводу, что изучение данной темы представляет сложность из-за отсутствия широкого круга источников. Это объясняется тем, что формирование политико-правовой базы взаимоотношений продолжается по сегодняшний день.

G.M.Smagulova

Main areas of cooperation with the republic of Kazakhstan and Slovakia

In given article the author considers the basic directions of cooperation between Republic Kazakhstan and Republic Slovakia, among which is carried out: trade and economic, power, science and education, culture, transport and communications. The author comes to a conclusion that studying of the given theme represents complexity in the absence of a wide range of sources. This results from the fact that formation of politic-legal base of mutual relations proceeds till today.